

# Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

Оқытушы: профессор Әбенбаев С.Ш

## **№ 2 Лекция**

**Тәрбие жұмысын ұйымдастыру  
зандылықтары мен принциптері.**

- ▶ **Мақсаты:** студенттердің, болашақ кәсіби маман ретінде оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың заңдылықтары мен принциптері туралы түсініктерін қалыптастыру, соның негізінде олардың түрлері мен мазмұнын меңгерту.

## Жоспары:

- 1.«Заң», «Заңдылық» және «принцип» туралы түсінік, олардың педагогикалық процестегі мәні және өзара байланысы.
2. Педагогикалық процесте тәрбие заңдарының мәні, негізгі түрлері және оларға сипаттама.
- 3.Тәрбие жұмысында тәрбие заңдылықтарының мәні, түрлері және оларға сипаттама.
- 4.Тәрбие жұмысында «тәрбие принциптерінің» мәні, түрлері және оларға сипаттама.

*1.«Заң», «заңдылық» және «принцип» туралы түсінік, олардың педагогикалық процестегі мәні және өзара байланысы.*

Педагогтарға тәрбие процесінің мәнін жақсы танып-білу, оны мақсат, міндеттеріне сай табысты әрі нәтижелі ұйымдастыру үшін, ең алдымен, оның заңдарын, заңдылықтарын және принциптерін жете өз дәрежесінде ұғынып, меңгеруі міндеттеледі. Мәселен, «Заң» ғылыми тұрғыда - танымның белгілі бір саласының мәнін бейнелейді. Кезінде **К.Д.Ушинский** тәрбиенің ғылыми заңдарын тану қажеттілігін атап көрсеткен. «Педагогикалық антропология» атты еңбегінің бірінші томында ол, педагогикалық ережелерді тек жаттап алу ешбір пайда алып келмейтінін ескертеді. Керісінше, осы ережелер пайда болатын оның ғылыми негіздерін танып білу керек – дейді. Маңыздысы, басқаруға ілесетін және қолдануға болатын психологиялық құбылыстарға негізделген заңдарды тануға кеңес береді.

**Таным**, ол белгілі бір құбылыстарды практикалық тұрғыдан танудың жолы. Мәселен, философия ғылымы «қоғамның дамуында қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын» қарастырса, педагогика саласында «бала өзінің белсенді шығармашылық іс-әрекетінің арқасында аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесінің мұрагері болады» - дейді. Бұл заңды процесс. Демек, заңды ашу - ғылыми танымның бірден-бір міндеті болып саналады. Соған орай оқытуда **таным теориясы** – оның бірден бір *әдіснамалық негізі* болып табылады. Онда аға ұрпақтың өскелең жас ұрпаққа қоғамның әлеуметтік тәжірибесін, өндірісті ұйымдастыру тәсілін, еңбекке қатынасын беру процесі, адамның объективті шындықты ұғынуы таным теориясы арқылы меңгеруімен тікелей байланысты атқарылады. Сондықтан таным процесінде адамның санасында әлемнің шынай көрінісі ғана емес, сонымен бірге оны жасау жолдары да бейнеленеді.

Сонымен бірге, заң ғылыми тұрғыда *құбылыстар* мен *процестердің* арасындағы өмір сүретін шынайы байланысты да анықтайды. Мәселен, табиғаттағы қайталанып келетін төрт маусым, соған орай әрбір маусымда болып тұратын құбылыстар, солардың негізінде жүретін процестермен өзара байланысын алуға болады. Бұл – заңды процесс және табиғаттың заңдылығы. Ол, мысалы, қыс кезінде күннің суытуы, қардың жаууы, соған орай адамдардың қысқа әзірленуі, жылы киініп жүруі секілді процестердің жүруімен түсіндіріледі.



Яғни, тәрбие процесіндегі құбылыстар мен процестердің арасындағы бұндай заңды байланыстар, оның мәнін жақсы түсінуге көмектеседі. Мәселен, қандай да бір қоғамның өмір сүруі, оның өркендеуі, сол қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың сана-сезімі, қарым-қатынасы, іс-әрекетімен тікелей тығыз байланыста болады. Сол үшін де мектепте, жалпы білім беру саласында оқу-тәрбие процесі қоғамның мақсат-мүдесімен тікелей байланыста қарастырылады. Бұл, әрине заңды құбылыс. Сондай-ақ, тәжірибеде *«адам өзінің саналы, шынайы белсенді әрекетінің негізінде өзін және өзін қоршаған ортаны да өзгертеді»* - деген объективті көзқарас бар. Бұл да заңды процесс.

Шын мәнісінде, **заңдар** - бұл белгілі бір нысанаға (объект) қатысты шынайы теориялық білімдердің жиынтығы. Нәтижесінде, бұл білімдер ғылымға тиеселі болып келеді. Заңдар алдын-ала тәрбие жүйесінің «жағдайын» және тәрбие процесінің «бағытын» анықтауға, болжауға мүмкіндік береді. **«Заң» сөзі** - бұйрық, жарлық, талап, регламент секілді мәтінде және юристік «заң» деген терминге жақын жиі қолданылады.



*тәрбие процесі* – бұл объективті процесс, ол көптеген жағдайда субъектілердің оған саналы, мақсатты түрде қатынасуына қарамастан, олардың еркінен тыс өрбиді. Сондықтан тәрбие процесінің заңдарын, заңдылықтарын тек ғалымдар, педагогтар ғана білуі қажет емес, сонымен бірге бала тәрбиесіне тікелей қатысатын ата-аналар, тәрбие мекемелері, қоғамдық ұйымдар да білуі тиіс.

**«Заңдылық»** - бұл заңға жақын түсінік. Заң *мазмұны* жағынан өзара байланысты заңдардың жиынтығы ретінде анықталады. Яғни заңдар заңдылықтар арқылы бейнеленеді.

Философия ғылымында **«заңдылық»** деген ұғымды (категория) *құбылыстар мен процестер арасындағы дамуды сипаттайтын мәнді байланыс* деп түсіндіреді. Ал осы идеяның негізінде педагогикалық құбылыстарды қарастырсақ, ол тұлғаның өмір сүруі, қарым-қатынасы, жан-жақты әрекеттері барысында жеке басында, айналасында кездесетін, оған оң немесе теріс ықпал ететін табиғи немесе табиғи емес әр түрлі жағдайларды айтуға болады.



Педагогика ғылымында заңдылыққа қатысты зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың 20-жылдары тәрбие заңдылықтары ретінде зерттеле бастады (Н.К.Гончаров, А.Г.Калашников, С.В.Трахтенберг). Біршама уақыттан кейін педагогикалық процестің оқыту процесі (В.И.Загвязинский) және оқудан тыс уақыттағы мәселелерге қатысты заңдылықтар (Н.И. Болдырев, Г.И.Шукина, Н.Н.Петухов) зерттелді. ХХ ғасырдың соңғы он жылында біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтарына қатысты мазмұндалған толыққанды болмаса да, ішінара кейбір жұмыстар пайда болды (М.М. Данилов, Ю.К.Бабанский, Б.Т.Лихачев, В.А.Сластенин).

**Заңдылық** – құбылыстардың мәнінің теориялық аспектіде көрініс табуы. Мәселен, заңдылық педагогикалық процестің ішкі және сыртқы байналыстарын көрсетеді. Сонымен бірге заңдылық заңдардың белгілі бір жағдайда нақты іс жүзінде қолданысын теориялық тұрғыдан анықтайды. Ал **принциптер** заңдар мен заңдылықтарды практика жүзінде жүзеге асыруда *жетекші идеялар жиынтығы* болып саналады. Педагогикалық процестің заңдарын білу мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады, ал заңдылықтарды білу оған педагогикалық процесті жүйелі түсінуге, практика жүзінде оң нәтижеге жетуге көмектеседі, оған дұрыс болжам жасауға, соның нәтижесінде оның оңтайлы үлгісін (моделін) құруға ықпал етеді. Педагогикалық принциптер баланың тұлға ретінде дұрыс қалыпты дамуына оң жағдай тудыратын педагогикалық процесті нәтижелі ұйымдастыруда мұғалімдерге қажетті белгілі бір *талаптарды, ережелер жүйесін* басшылыққа алуға көмектеседі.



Педагогика ғылымы саласында «заң», «заңдылық» секілті ұғымдармен қатар, олармен тікелей байланыста «принцип» ұғымы да жиі қарастырылады.

«**Принцип**» деген ұғым латын тілінде «*бастапқы*» немесе «*негізгі*» деген түсінікті білдіреді, яғни белгілі бір *әрекет* барысында оған *басшылық ету идеясын* көздейді.

**Принцип** – бұл заңға негізделген тәрбиеге қатысты тікелей талап, ол педагогтың әрекетін анықтайтын, кейбір ережелерді басшылыққа алуда ұсыныс білдіретін *жетекші идея*.

**Принцип** - теорияны практикамен байланыстыратын және өзінің нұсқауларымен, талап-тілектерімен жөн сілтейтін негізгі буын. Тек бірыңғай принциптермен ғана жұмыс істеуге болмайды, сонымен бірге әдістемелер, технологиялар, разработкалармен де жұмыс жасау қажет. Дегенмен де осы салада принциптер оларға жетекші идея болып табылады.

Педагогика ғылымында заңдар мен принциптер өзара бірге жиі суреттеледі: заңдарды түсіндіре отыра, принциптерді сипаттайды. Өйткені принциптер өз бетінше дербес категория, олардың жүйесі педагогикалық концепциялардың (тұжырымдама) негізін жасауға себепкер болады.

Педагогтар, педагогикалық әрекеттің жүргізушісі ретінде өздерінің күш-жігерлерін оқу-тәрбие процесін басқаруға бағыттайды. Оқу-тәрбие процесінде олар оқушылардың таным, еңбек, шығармашылық, ойын және т.б. көптеген әрекеттеріне басшылық жасайды. Бұндай басқару, басшылық жасау әрекеттері негізінен принциптерге арқа сүйейді. Тек осындай жағдайда ғана олар нәтижелі бола алады. Осы көзқарастың өзін де принциптер қатарына жатқызуға болады.

Демек, оқу-тәрбие процесінің принциптері педагогикалық құбылыстардың арасындағы байланысты және оған нақты тәуелділігін білдіретін оның заңдылықтары ретінде қарастырылады. Қоғамның дамуы және қоғамдық қатынастардың сипатының өзгеруі, педагогика ғылымының және практикасының жетістіктеріне сәйкес қалыптасқан дәстүрлі принциптер жаңарып, жетіліп, дамып отырады.

## *2. Педагогикалық процесте «тәрбие заңдарының» мәні, негізгі түрлері және оларға сипаттама.*

**1.Тәрбиенің қоғамның талабымен сәйкес келуі заңы.** Біздің елде тәрбиенің және білім берудің жүйесі мемлекеттің қажеттілігіне жауап береді. Бұл, бір жағдайда, тәрбие процесінің мақсаты, мазмұны, әдістерін бейнелейді. Екінші жағдайда, тәрбие жүйесі, педагогикалық процесті ұйымдастыру сипаты қоғамның мүмкіндіктеріне, елдің даму деңгейіне, мысалы, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми-техникалық және т.т. тәуелді болып келеді. Қоғам мен тәрбиенің байланысында мемлекет елдің білім беру саясатын реттеп, тәртіпке келтіріп отырады.

**2.Тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістерінің бірлікте болу заңы** тәрбиенің барлық компоненттерінің бір бірімен өзара байланыста болуын білдіреді. Тәрбие мақсаты оның мазмұны, әдістері және ұйымдастыру формаларын анықтайды. Өз кезегінде, тәрбие процесінің бұл элементтері педагогтар мен оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне тәуелді болып келеді. Тәрбие процесінің аталған элементтерінің арасында болатын қарама-қайшылық, тәрбие жұмысының сапасына нұсқан келтіріп, оның нәтижесіздігіне алып келеді.

**3.Білім беру, тәрбиелеу және тұлғаның дамуының бірлікте болу заңы.** Бұл психология-педагогика ғылымының бірден бір фундаменталды ережесі. Білім беру және тәрбиелеу бір-бірінің нәтижелі болуына себепкер болып, өзара тығыз қарым-қатынаста жүзеге асады. Болмаса екеуі де негізінен тұлғаны дамытуда жетекші факторлар ретінде саналады.

**4.Әрекет барысында тәрбиелеу заңы.** Бұның мәнісі сол, егерде, біз тәрбиелегіміз келсе, тәлімгерлердің тәжірибесін, білімін, көзқарасын және жеке басының құндылықтарын, олардың қажеттіліктерін, эмоцияларын, еркіндіктерін, мінез-құлық нормаларын қамтамасыз еткіміз келсе, онда, оларды іс-әрекетке қатыстыруымыз міндетті. Әрекет, психология, педагогикада бірден бір негізгі түсінік. Ол қоршаған ортамен өзара белсенді байланыста болып, оны тануға, қайта жаңғыртуға және бір мезгілде әрекеттің субъектісі ретінде тұлғаның өзін дамытуға бағытталған. Отандық психологияда бұл заң психика мен іс-әрекеттің бірлігі туралы ереже ретінде түсіндіріледі. Тәрбие процесінде әрекеттің әрбір түрі тұлғаны қалыптастыру және дамытудың негізгі жағдайы мен құралы болады. Яғни тәрбиелеу дегеніміз – бұл баланы іс-әрекетке қатыстыру немесе тарту, оның әртүрлі дамытушы әрекеттерін ұйымдастырушысы ретінде қарастырған жөн.

#### **5.Тәлімгерлердің белсенділігін артыру заңы.**

Бұл заңның негізіне тәрбие процесінде адам баласы әрекет ету барысында өзін белсенді және өзіндік жан ретінде сезінсе және оны көрсете білсе ғана тұлға ретінде дамиды және қалыптасады деген идея жатады. Бұл заңмен көптеген нақты және жекелеген заңдар мен ұғымдар да байланысты қарастырылады. Мәселен, өзін-өзі тәрбиелеу, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы және т.б. Бұл заңның негізінде Г.А.Галперин, В.В.Давыдовтың оқу әрекетінің теориясы қарастырылған. Осы заңмен А.С.Макаренконың және т.б. атақты педагогтардың тәжірибелері негізделген.

**6.Тәрбие мен қарым-қатынастың бірлігі заңы.** Балалар мен жас жеткіншіктерді тәрбие процесінде тұлға ретінде қалыптастыру осы процеске қатынасушылардың қарым-қатынастарының сипатына, мазмұнына, педагогтар мен оқушылардың мінез-құлықтарының стиліне, өзара ақпарат алмасуды және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру сапасына және т.б. байланысты болып келеді. Психологтардың пайымдауынша, қарым-қатынас іс-әрекетпен тікелей байланысты қарастырылады. Тәрбие, іс-әрекет және қарым-қатынастың өзара байланысты болуының *заңдылық* себептері де бар. Осы заңға байланысты тәрбие тікелей қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Сондықтан педагогтар үшін оқушылар және бұл процеске қатысушылармен қарым-қатынас технологиясын жасау маңызды.

**7.Ұжымда тәрбиелеу заңы.** Бұл заң біздің жоғарыда баяндаған заңымызбен тікелей байланыста қаралады. Ұжым жоғары деңгейле ұйымдасқан топ және күшті тәрбие құралы ретінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуына маңызды ықпал етеді. Тәжірибеде көрсеткендей ұжымдық әрекет, ұжыммен қарым-қатынас жасау, топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, солардың негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу, яғни ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу қағидасы кеңестік дәуірде отандық педагогиканың негізгі бір идеясына айналды әрі ол өзінің жемісін де берді. Балалардың, топтың ұжым мүшелеріне ықпалы, өзара жауапкершілік қарым-қатынас, әртүрлі бірлестікте, топта өзара қарым-қатынастағы біліктілік, психологиялық көңіл-күй жағдайы, ұжымдағы дәстүр және т.б. – бәрі ұжым мен тәрбиеге қатысты теориялар А.С.Макаренко және одан кейінгі теоретиктердің тәжірибелерінде жан-жақты терең сипатталады. Батыстық психология мен педагогикада өз дәрежесінде тұлғаны топтың даму дәрежесінің заңдылықтары және ерекшеліктеріне сәйкес зерттеледі. Педагогтар әлемдік деңгейде және қазір де А.С.Макаренконың тәжірибесіне үлкен қызығушылық танытады.

**8.Тәрбиеде тәрбиеленушілердің жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескерумен байланыстылығы заңы.** Тәрбие процесі, оның мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру формасы және әдістері қоғам мен мемлекетте қабылданған тәрбиеге қатысты жалпы бағдарламалар, тұжырымдамаларға ғана тәуелді емес, сондай-ақ олардың объектісі және субъектісі болып келетін тәрбиеленушілердің жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескерумен де байланысты болып келеді. Соған орай оларды жүзеге асыруда, міндетті түрде оған қатынасатын тәрбиеленушілердің жас және дара ерекшеліктерін ескерумен сәйкес оларға түзетулер мен ескертулер енгізіп отыру шарт. Өйткені әр түрлі жастағы адамдар іс-әрекетте, қарым-қатынаста эмоцияның, ақыл-ойдың, қажеттіліктер мен қабілеттердің және т.б. салалардың даму дәрежесіне сәйкес өздерін әр жақты, әр қырынан көрсетеді. Олардағы жас ерекшеліктеріне сәйкес өзгешеліктерді «Жас ерекшеліктері психологиясы мен педагогикасы» ғылымы зерттейді және оның нәтижесі мен жетістіктері тәрбие процесінде басшылыққа алынады. Басқаша айтқанда жоғарыда аталған заңдар тәрбиеленушілердің жас және дара ерекшеліктерін ескерумен байланысты ғана табысты болады және соған сәйкес оларға түзетулер енгізіліп отырылады. Өйткені тәрбие процесінде ең маңызды әрі жетекші рөлді адамдар орындайды, сондықтан-да олардың ерік жігерін, өзіндік жеке-дара ерекшеліктері мен мінез-құлықтарын ескеру қажеттілігі айқын мәселе.

### 3. Тәрбие жұмысында «тәрбие заңдылықтарының» мәні, түрлері және оларға сипаттама.

Тәрбие процесін ұйымдастырудың өзіндік заңдылықтары бар.

Тәрбие заңдылықтары – бұл тұрақты, қайталанатын, тәрбиемен объективтік тұрғыдан мәнді байланысы бар, оларды жүзеге асыруда оқушы тұлғасының нәтижелі дамуына өте маңызды ықпал ететін *тәрбие процесінің негізгі бір компоненті*.

Олардың қатарына жатады:

1) Тәрбиенің қоғамдық қажеттілікпен және тәрбие жағдайымен органикалық байланыста болу заңдылығы. Өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының едәуір өзгеруі, тәрбие жүйесінің де өзгеруіне себепші болады. Яғни, мемлекеттің дамуы, мысалы, өскелең жас ұрпақты қалыптастыруда ұлттық сана-сезімнің, Отанға деген сүйіспеншіліктің, ана тіліне және өзінің ұлтына, оның мәдениеті, өнері және дәстүріне деген құрметтің болуын талап етеді.

2) Адам әртүрлі факторлардың әсерімен тәрбиеленеді (үлкендер, қоғамдық қатынастар және сана формалары, әлеуметтік және табиғи орта, әлеуметтік тәжірибе, әр түрлі бағыттағы ақпараттар және т.б.). Бұл процесте ең алдымен ата-аналар және педагогтар маңызды рөл атқарады. Оның нәтижелі өтуі тек ұлттық ортада, табиғи жағдайда атқарылады. Мәселен, баланың ана тілі, өзін қоршаған табиғаты, ұлттық мәдениеті, дәстүрлері және т.б.



3) Баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы, бұл – табиғи заңдылық. Бұндай жағдайда тәрбие процесі маңызды рөл атқарады. Ол оның тұлғалық, шығармашылық дамуына бағыттталып, мақсатты, жоспарлы түрде ұйымдастырып отырады. Тәрбие процесінің нәтижесінің табысты болуы баланың ішкі әлеміне және рухани жан дүниесіне үнемі тәрбиелік ықпал етумен жүзеге асады. Яғни оның ақыл-ойы, көзқарасы, сенімі, құндылық бағыты, эмоционалдық саласының жетіліп, дамуымен тығыз байланысты қарастырылады. Бұндай қатынас тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара тығыз байланысын сипаттайды. Демек, тәрбие бар жерде даму бар.

4) Баланың өзінің түрлі әрекетінсіз және оның сыртқы ортамен табиғи қарым-қатынасынан тыс тәрбиенің болмауы жағдайы. Бұндай көзқараста іс-әрекеттік және қарым-қатынас тәрбиеде жетекші және анықтаушы фактор болып саналады. Соның ішінде, іс-әрекет баланың оқуы, еңбегі, ойыны, спорттық, көркемөнер, шығармашылық және т.б. әрекеттерінің жүзеге асуында сана мен мінез-құлықтың бірлігін қалыптастыруда негізгі фактор болады.

5) Тәрбие процесінің нәтижелі болуы баланың өзін қоршаған ортаға тікелей қатынасына және оған дұрыс педагогикалық ықпал етумен байланысты. Тәрбие процесінде қалыптасқан көзқарастар, сенімдер және мінез-құлықтың себеп-салдары (мотив) баланың педагогикалық ықпалдастыққа қатысты ұстанымын анықтайды.

б)Тәрбие процесінің нәтижелі болуы ұжымдағы дұрыс моралдық-психологиялық көңіл-күй жағдайына байланысты. Ол балада жағымды адамгершілік сапаның және өзара сыйластықтың қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе, бұл процесте баланың тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеуінің өзара үйлесімді байланыста болуы маңызды. Соған орай тәрбие жұмысын ұйымдастыруда педагог немесе тәрбиеші тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланысын қамтамасыз етуі қатаң міндеттеледі. Өйткені тәрбиедегі түпкі мақсаттың нәтижелі болуы баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне қол жеткізу. Яғни оны объектіден субъектілік қатынасқа қол жеткізу. Бұл тәрбиедегі бірден-бір даналық.

5. Тәрбиеде бірыңғай дайын рецептін болмауы және оны қолдану мүмкін еместігі. Өйткені кез келген аумақта, мектепте, сыныпта, ортада оқушылардың тәрбиелік деңгейі, сапасы, соған сәйкес оның сана-сезімі, мінез-құлқы, ерік-жігерінің қалыптасуы бірыңғай, біркелкі немесе бірқалыпты жағдайда болмайды. Оларға ықпал ететін өзіне тән табиғи ресурстары, мәдени құндылықтары, дәстүрлері, ерекшеліктері болады. Сондықтан да тәрбие процесінде бірінші кезекте осындай ерекшеліктерді ескеру басшылыққа алынады.

6. Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуаты мен өмірлік ұстанымына тәуелді екендігінде. Бұндай көзқараста, біріншіден тәрбие процесінің мәні, қоғамның талабына сай әрбір өскелең жас ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені меңгерту арқылы тұлғалық дамуына ықпал етсе, екіншіден, ол өз кезегінде қоғамның үнемі алға қарай үдемелі дамуын қамтамасыз етеді. Олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Ол үшін тәрбие процесінде баланың сана-сезімі мен ерік жігерін, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымын тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Нәтижесінде қоғам өзі үшін саналы, белсенді, ерік-жігері, күш-қуаты мол азаматты тәрбиелесе, сол азамат өзі өмір сүріп отырған қоғамның тұрақты өмір сүріп, үнемі алға қарай қарқынды дамуына тікелей ықпал етеді. Тәрбиедегі түпкі мақсат осы.

Педагог, бұл және т.б. көптеген заңдылықтарды қандай да бір тәрбиелік жағдайды құруда немесе тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда міндетті түрде ескеруі және басшылыққа алуы қажет. Осылардың бәрі оның алдағы уақытта белгілі бір мақсатқа қол жеткізуіне бағытталған *жан-жақты әрекетінің жоспарын* нәтижелі құруын қамтамасыз етеді және оның барысында оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектеседі. Ол үшін тәрбиенің **жалпы** және **жекелеген** заңдарын терең әрі жетік білу қажет. Болмаса, оларды өз дәрежесінде жетілдіруге және жан-жақты нәтижелі пайдалануға мүмкіндік бермейді. Шынайы өмір жағдайы көрсеткендей, тек заңдылықтарды және тұлғаның дамуында қарама-қайшылықты терең танып білу, педагогикалық процесті басқаруға теориялық-әдіснамалық жағынан негіз бола алады. Керісінше, тұлғаны қалыптастыру және дамыту процесінде шынайы қарама-қайшылықтарды үстірт танып білу немесе қажет етпеу, тәрбие процесін нәтижелі, табысты ұйымдастыруға кері әсерін тигізеді.

Егерде, жоғарыда айтылған және т.б. заңдылықтарды тәрбие жұмысынла өз дәрежесінде қарастырсақ, онда бізге тәрбие процесін іс жүзінде қандай жағдайда ұйымдастыру керектігі жайлы алдын ала түсінік береді. Бізге мәлім, ғылымда теориялық заңдылықтар тыңғылықты әрі жеткілікті дәрежеде жасалған болса, онда олар іс жүзінде қандай да бір практикалық әрекеттің принциптері бола алады. Өйткені ғылымда қалыптасқан заңдылықтар практикалық әрекеттің сипатының сондай болуына себепкер болып, оны ұйымдастырудың принциптік талаптары ретінде қарастырылады. Дегенмен де, практикалық әрекеттің принциптерін анықтау, зерттеу жұмыстары бастапқы немесе негізгі мәселесі бола алмайды, керісінше, оның қорытынды нәтижесі ретінде қарастырылады, өйткені олар (принциптер) сол әрекеттің мәніне сәйкес келген жағдайда ғана шынайы болатынын жақсылап түсіну қажет.

Сондай-ақ, педагогика ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша негізгі мәселе заңдылықтарды бірінші кезекте ашу қарастырылмайды, керісінше, оның принциптерін қалыптастыруға бағытталған. Себебі, **тәрбие заңдылықтары тәрбиенің принциптері арқылы жүзеге асады.** Соған орай көптеген педагогика еңбектерінде, ғылыми жұмыстарда тәрбиенің заңдылықтарына қатысты мәселелер, көбінесе жеке-дара қарастырылмайды. Қазіргі жағдайда жоғарыда мазмұндалған тәрбие заңдылықтары тәрбие жұмысында негізге алынатын принциптер немесе мектеп жағдайында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын *талаптар* ретінде қарастырылады. Бұл заңдылықтарды кез келген тәрбиелік жағдайды қалыптастыруда ескеру қажет. Осының бәрі алға қойған мақсаттарға жетуде педагогтардың белгілі бір үлгі (модель) бойынша әрекет етуін қамтамасыз етеді және оған тәрбие жұмысында шынайы нәтижеге жетуіне көмектеседі.

Бұндай жағдай, оқушыларға әлеуметтік тәжірибені меңгертуде әрекеттің әр түріне қатыстыру қажеттігін міндеттейді және олардың белсенділігі мен өз бетінше жұмыс жасауға деген талпынысын ынталандыруды көздейді.

Мектепте оқудан тыс тәрбие жұмысы үлкен тәрбиелік және білімділік қызмет атқарады. Педагогикалық процестің бірден бір бөлігі ретінде сабақпен қатар бірлікте өткізілген *тәрбие жұмысы* оқушылардың өмірлік тәжірибесінде оқу материалдарын пайдалануға бағыттталып, олардың білімдерін тереңдетеді, әрекеттің тәсілдерін кеңейтеді, оқушылардың дара қабілеттерін жүзеге асыру үшін және олардың өздік білім алуларына, өзін-өздері жетілдіруіне сай қызығушылығын тудыруға жағдай жасауды көздейді. Ол балалардың және жас жеткіншектердің үнемі ауыспалы қызығушылығын, рухани, әлеуметтік-мәдени және білім алуға қажеттілігін қанағаттандыруға, оқушыларға өздерінің сүйікті істерімен еркін айналысуға кең көлемде жағдай тудыруға міндеттелген.

Осы орайда, оқудан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру көптеген *педагогикалық принциптерге* (басқаша айтқанда тәрбие принциптеріне) арқа сүйейді. Олар өзара бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді. Принциптер оқудан тыс тәрбие жұмысында тұрақтылықты қамтамасыз етеді және бір мезгілде оған динамикалық (үдемелі) дамуына жан-жақты мүмкіндіктер тудырады. Нәтижесінде, мектепте оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай жүйесі құрылады.

Біз олардың негізгілерін анықтауға және сипаттауға тырысамыз.

Дегенмен де, біз тәрбие жұмысын ұйымдастыру принциптерін қарастырмас бұрын жалпы «педагогикалық принцип» деген ұғымның мәнін анықтап, оның қазіргі кездегі түсіндірілуіне тоқталамыз.

### **Педагогикалық принципте**

теориялық тұрғыдан қамтылған, тәжірибеде тексерілген, оның қоғамдық бағыты, заңдылық байланысы, оқу мен тәрбие процесін ұйымдастырудың бір-біріне тәуелділігі, сондай-ақ балалардың таным, еңбек, шығармашылық, ойын және т.б. әрекеттеріне қатысты педагогикалық басшылық бейленеді.

Педагогикалық принцип педагогтардың қандай да бір істі жоспарлауын және оның әлеуметтік-психологиялық климат жағдайында жүзеге асуы нәтижесін анықтайды, белгілейді - деп айтуға болады.

Педагог педагогикалық принциптердің көмегімен педагогикалық процесті шығармашылықпен құруға, яғни оқушылардың оқудан тыс әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастыруға мүмкіндік алады.

Өкінішке орай, бүгінде педагогика ғылымы саласында педагогикалық принциптің мәніне қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Соған байланысты оған әртүрлі түсініктемелер беріледі.

Яғни, біреулері оны тәрбиеге, оның мазмұны, ұйымдастырылуы және әдістеріне қатысты негізгі талаптарды анықтайтын *«бастапқы ереже»* деп түсіндіреді (10,11).

В.И.Андреев *«педагогикалық принципті»* - бұл негізгі нормативтік ережелерді білдіретін педагогиканың бір категориясы. Ол танылған педагогикалық заңылықтарға негізделген және белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешудің жалпы стратегиясын сипаттайды, педагогикалық теорияның дамуы үшін бір мезгілде жүйекұрушы фактор ретінде қызмет етеді және оның нәтижелілігін көтеру мақсатында педагогикалық практиканы үзіліссіз жетілдірудің өлшемі де болады (1, С 314-315).- дейді.

П.И.Пидкасистый принципті «әрекеттің бірізділігін немесе жүйелігін талап ететін ережелерді жалпы басқару» деп түсіндіреді. Яғни, әрекеттің «кезектесіп келетін» мағынасында емес, түрлі жағдайларға қарамастан «тұрақты» болу мағынасынла қарастырады (8, С.112).

Дегенмен де көптеген авторлардың бұл мәселеге қатысты көзқарастарының әртүрлігіне қарамастан (В.И. Андреев, А.С. Макаренко, Н.В. Савин, В.А. Селиванов, В.А, Сластенин, В.И. Смирнов және т. б.) **педагогикалық принцип** - педагогикалық процестің барлық компоненттеріне жалпылай ынталандыру жағдайында ықпал етеді - деп қорытынды жасауға болады. Соған орай мектепте педагогтарға, тәрбиешілерге тәрбие жұмысын мақсатты және нәтижелі ұйымдастыруды біріңғай тәрбие принциптері н басшылыққа алу негізінде жүзеге асыру міндеттеледі.

**Яғни тәрбие принциптерін – тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін басқару ережелері және олар оның мазмұнына, ұйымдастыру тәсілдеріне қойылатын талаптарды анықтайды – деп қарастырған жөн болмақ.**



Тәрбие принциптері – тәрбие жағдайында *тәрбие процесін қалай ұйымдастыруға болады* деген сұраққа жауап береді. Бұл бастапқы ереже (положения) негізінде тәрбие процесі жүзеге асады. Ал, тәрбие жұмысы тәрбие процесі арқылы жүзеге асады. Тәрбие принциптері тәрбиенің табиғатына сай келеді. Сонымен бірге тәрбие принциптері әрқашанда белгілі бір тәрбие жүйесіне де сай келеді және осы жүйенің жетекші идеяларын жүзеге асыруға қызмет етеді. Осыған байланысты олар кейбір жағдайларда өзгеріп отыруы және әртүрлі болып келулері мүмкін.

Демек, *тәрбие принципі* - деп тәрбие процесіне қатысты қабылданған ең таңдаулы фундаменталді (берік орныққан, дәлелді) *ережелер* жиынтығын айтамыз. Онда тәрбие процесінің мазмұны, әдіс-тәсілдері және оны ұйымдастыруға қатысты бастапқы немесе негізгі *талаптар* жүйесі қалыптасқан. Ал *тәрбие жұмысын ұйымдастыру принциптері* тәрбиенің жалпы принциптері мен мектептегі оқудан тыс ұйымдастырылған тәрбие жұмыстардың ерекшеліктеріне сәйкес туындайды. Өйткені тәрбие жұмысы оқудан тыс кезде ұйымдастырылады және оған оқушылар өз еркімен қатысады, соған орай оқушылар ұжымында тәрбие жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыруға қажетті талаптар қарастырылады. Ол негізінен оқушылар үшін ұйымдастырылған қандай да бір тәрбиелік әрекеттердің *«тартымдылығын»*, *«қызығушылығын»* қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен де, бұндай әрекет өзінің тәрбиелік қызметін барлық жағдайда бірдей немесе бірыңғай атқара алмайды. Соған орай мектеп тәжірибесінде қалыптасқан және кең көлемде тараған *«балаларға ұнады»* деген гуманистік көзқарас жалған болады. Олай дейтініміз, ол тәрбие жұмысының барлық қызметін көбінесе оқушылардың *көңіл көтеру* жағдайымен ауыстырады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді ескере келіп, оқудан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жалпы талап (принцип) ретінде

*қызығушылық*

*педагогикалық  
ықпалдастық,*

*әрекеттіліктің*

бірыңғай **үйлесімділік** (сочетания) жағдайында болып келуі көзделеді. Бұл талап тәрбие жұмысының **мәнін** анықтайды: балаларда қызығушылық жоқ па, онда тәрбие жұмысы да жоқ. Басқаша айтқанда, педагог пен тәрбиешілердің белсенді әрекеті жоқ. Педагогикалық ықпалдастық немесе әрекеттілік жоқ жерде, тәрбие жұмысы да жоқ. Нәтижесінде педагог пен оқушылардың өзара бірлесе атқаратын жұмыстары өзінің *тәрбиелік құндылығын және тәрбиелеуші қызметін* де жоғалтады.

Бұл принципті жүзеге асыруда оқушылардың жас ерекшеліктерін және осы аталған оқушылар ұжымының, топтың даму деңгейін, тәрбиеленушілердің жеке-дара қызығушылығын, өзекті қажеттелігін, бейімділігін, құндылық бағытын (заттық, рухани, мәдени) ескеру қажет.

Мектеп және педагогика тарихында күні бүгінге дейін принциптердің классикалық және дәстүрлі түрлері қалыптасқан. Олар тәрбие процесінің ең маңызды заңдылықтарын бейнелейді. Келесі кезекте біз оқушылардың оқудан тыс әрекеттерін ұйымдастыруда өзінің бастапқы мәнін жоғалтпаған *дәстүрлі педагогикалық принциптерге* тоқталамыз.

1. Оның маңызды принципі болып – *мақсаттылық, тұлғалық бағыттылықтың болу* принципі табылады. Оның мәні, оқушылардың оқудан тыс әрекеттерінің *мазмұны* тәрбиенің жалпы мақсатын – тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Ол тәрбиеленушілердің қабілетін, қызығушылығын, әуесқойлығын және бейімділігін табуды, олардың әрқайсысының тұлғалық дамуының ең таңдаулы жолдарын анықтауды және өмір сүру әрекеттерінің жеке-дара ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан педагогтарға бұл мақсатты өздерінің тәрбие жұмыстарында әр кезде ескеру және басшылыққа алу қажеттілігі міндеттеледі.

Сабақтан тыс кезінде оқушылардың қолы бос уақыттарын нәтижелі ұйымдастыруда тек олардың *көңіл көтерулеріне* жағдай тудыруды ғана ойластырмау қажет, ең маңыздысы, олардың денсаулықтарын, өзара ынтымақтастық қарым-қатынастарын жақсарту, рухани жан-дүниесін дамыту мақсаты да жүктеледі. Осыған бағытталып ұйымдастырылған іс-әрекеттер мақсатсыз және оған бөлінген уақыт қалай болса солай өтпеуі тиіс. Керісінше, олар бір ғана мақсатты – *тұлғаның жан-жақты жүйеді дамуына* бағытталуы тиіс.

2. Оқушылардың оқудан тыс әрекеттерін ұйымдастырудың тағы да маңызды принципі, оның *қоғамдық бағытының болуы*. Яғни, ол қоғамның нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайымен сәйкес келуі тиіс. Мәселен, оқудан тыс тәрбие жұмыстары, студиялар, үйірмелер, бірлестіктер және т.б. жұмыстарының *мазмұны* елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ғылыми, өнері, техникалық дамуымен сәйкес келіп, қоғамдық маңызды сипатта болуын көздейді.

Бұл принципті басшылыққа ала отыра, мектеп балаларды тәрбиелеуде қоғамнан тыс емес, керісінше қоғаммен, қоғамдық өмірмен тығыз байланыста жүзеге асырады. Соның негізінде оқушылар аға буынның өмірі және еңбегімен танысады, жалпы алғанда елдің көпшілік-мәдени, сондай-ақ, қоғамдық өмірне белсенді қатысады. Яғни, олар одан белгілі бір өмірлік тәжірибе алады. Балалардың тәрбиесін қоғамдық өмірмен байланыстыру, оларға өздерінің өмірлік сенімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәрбие жұмыстарына бұндай қатынас қоғамдық маңызға ие болып, балалардың тұлға ретінде жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Ол үшін оқудан тыс тәрбие жұмысының мазмұнын және оны ұйымдастыру жолдарын үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Бұл принципті сақтау негізінен мектепте тәрбиеленушілердің жеке-дара ерекшеліктерін ескере отыра, қоғамдық өмірге даярлығын қалыптастыру және әлеуметтік маңызды міндеттерді шешу жағдайында ұйымдастыруды көздейді. Сонымен қатар, ол тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектептің оқушылардың отбасымен және жұртшылықпен бірлікте, әріптестік ретінде болуын талап етеді.

3. Тәрбие жұмысында *гуманистік бағыттылықтың* болуы. Ол тәрбиешілерден әрбір адамға, ең алдымен балаға қатысты қарым-қатынас жүйесінде басты құндылық ретінде **құрметтіліктің** болуын талап етеді. Бұл принцип педагогикалық әрекеттестікте субъект-субъективтік сипатта болып келеді. Соның негізінде педагог және тәрбиеленуші педагогикалық процестің тең құқылы қатысушылары ретінде саналады. Сонымен қатар бұл принципті қолдануда педагогтардың ұйымдастырған тәрбие жұмысында оқушылардың әрекеті *еріктілік* және оқушының *шамасына сай келуі* сипатында болуын көздейді.

4. Сондай-ақ, оқушылардың сыныптан, оқудан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда тағы да бір маңызды принцип, ол оның **құндылыққа бағыттылығының** және **құндылық қатынасының** болуы талап етіледі. Оның мәнісі, педагогтың кәсіби маман ретінде тәрбиеленушілерге қарым-қатынасында олардың назарын үнемі елдің әлеуметтік-мәдени құндылықтарына аударып отыруы қажеттілігі талап етіледі: адамға, табиғатқа, қоғамға, еңбекке және өмірдің негізгі құндылығына, адам абыройына, жақсылыққа, шындыққа, әсемдікке. Бұл принцип (талап) педагогтардың ұйымдастырған тәрбие әрекеттері философиялық сипатқа ие болған жағдайда, мәселен, фактлерде құбылыстар, құбылыстарда – өмірдің заңдылықтары, заңдылықтарда – адамдар өмірінің негіздері ие болған жағдайда ғана жүзеге асады. Бұл құндылық қатынаста бірге өмір сүру сабақтан тыс әрекеттің қайта түрленуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, онда әлемнің барлық объектілерінің адами қалыптасуы («вочеловечивание») жүзеге асады. Бұндай жағдайда бала үшін барлық әлем белгілі бір маңызға ие болады.

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы келесі маңызды талап, ол оқушылардың *жас және дара ерекшеліктерін ескеру* принципі. Бұл принципті жүзеге асыру, ең алдымен, қандай да бір тәрбиелік шараларды ұйымдастыру барысында әрекетің мазмұны мен амал-тәсілдерін таңдау педагогтар тарапынан оқушылардың жас және дара ерекшеліктерімен сәйкес келуіне аса мән беруді қарастырады. Өйткені баланың әрбір жас ерекшелігіне сәйкес оның дамуында өзіне ғана тән мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін. Мәселен, баланың ойлауы және есте сақтау қабілетінің ең қарқыныды дамуы оның балалық және жастық шағында өтеді. Егерде оның осындай мүмкіндіктерін дер кезінде пайдаланбасақ, онда кейінгі уақытта оны пайдалану қиындыққа соғады, тіпті кезінде жіберіп алған мұндай мүмкіндікті орнына келтіру мүмкін болмайды. Керісінше, кейбір әрекетті тым оңайлатып жіберуге де болмайды. Өйткені бұндай қатынас оның қызығушылығын төмендетеді, ақыл-ой, адамгершілік және т.б. қабілеттерінің нәтижелі дамуына біздің қалағанымыздай оң ықпал етпейді. Ол үшін педагогтарға оқушылардың жеке-дара дамуында сезімдік-эмоционалды саласын, нерв және таным әрекетінің, есте сақтау ерекшеліктерін, қабілеттерін, мотивтерін, қызығушылықтарын, бейімділігін, хоббиларын, жыныс ерекшеліктерін және т.б. қасиеттерін жетік білулері қажет.

Балалардың жас және дара ерекшеліктеріне қатысты мәселелермен өткен ғасырдың көрнекті ғалымдары Я.А. Коменский, Д.Ж.Локк, Ж.Ж.Руссо, кейіннен К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой және т.б. айналысқан. Солардың ішінде кейбіреулері тәрбиедегі «**табиғатқа сәйкестік**» принципін басшылыққа ала отырып, өздерінің педагогикалық теориясын жасады. Бұл принциптің ерекшелігі сол, онда тәрбиелеу процесін баланың өзінің табиғатымен сәйкестікте, табиғи қабілеті мен қасиеттерін дамыта жүргізу қажеттілігіне тоқталады (Я.А.Коменский). Бұндай көзқараста біздің көтеріп отырған мәселеміз, яғни баланың жас және дара ерекшеліктері мен соған сәйкес мүмкіндіктерін тәрбие процесінде оның даму заңдылықтарын ескере отыра жүзеге асыру қажеттілігін көздейді. Өйткені *баланың өзінің табиғатынан тыс тәрбие әрекеті болмайды.*

Ж.Ж.Руссо, ал, кейіннен Л.Н.Толстой бұл мәселені шешуді басқа қырынан қарастырды. Олар баланы *табиғатынан жетілген жан*, сондықтан тәрбие оның бұл табиғатын бұзбау керек, оның ең жақсы қасиеттерін таба және дамыта отыра, сонымен бірге *қатарласа* жүру қажеттілігіне тоқталады. Дегенмен де, олардың бәрі нәтижесінде бір мәселеге келіп тоқталады, ол тәрбие процесінде бала тұлғасын зер сала зерттеп тану, оның қабілеттері мен дара ерекшеліктеріне арқа сүйеу қажеттілігіне назар аудартады. Тек осындай жағдайда ғана тәрбиені мақсатты, ұйымдасқан, басқару процессі ретінде қарастыруға болады деп есептейді.

6.Келесі кезекте оқушылардың *жан-жақты әрекетін ынталандыру* және *белсендіру* принципіне тоқталамыз. Оның мәнісі сол, баланың өзінің жан-жақты белсенді әрекетінсіз және өзін қоршаған әлеуметтік және табиғи ортадан белесенді өзара қарам-қатынасынсыз тәрбие процесінде ешбір нәтижеге қол жеткізуге болмайды. Бұл бала әрекетін ынталандырған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Ол үшін тәрбие процесінде тәрбиеленушілердің жан-жақты әрекеттері мен белсенділіктерін әртүрлі бағытта кезең-кезеңмен ұйымдастыру және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қажеттіліктерін, оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары мен тәсілдерін анықтау қажет. Оған тәрбие жұмысының мүмкіндігі мол.

## 7. Оқушылардың

*бастамшылдығын*  
(инициатива),

*өзбетінше әрекет етуін*

*шығармашылығын*  
*дамыту*

принципінің көздейтін мақсаты, ол тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында кең көлемде олардың бастамшылдығын, талап-тілектерін ескеруді талап етеді. Тәрбие шараларын ұйымдастыру және өткізу барысында әрбір оқушының қалыс қалмай өз қалауымен белгілі бір әрекеттің түрін орындауда бастамшылдығын (инициатива), өзбетінше әрекет етуге және шығармашылықпен жұмыс істеуге белсенді талпынысын үнемі ескеру қажеттілігін көздейді. Балар тарапынан жасалған қандай да бір әрекет *мәжбүрлеу* түрінде болмауы тиіс, керісінше оны өз қалауымен, өзінің таңдауы, болмаса өзінің еркін бастамшылдығымен орындалуы тиістігін міндеттейді.

Тәрбие процесі, егерде, оқушылардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін өзіндерінің белсенділігі негізінде жүзеге асырса ғана нәтижелі болады. Өйткені тәрбие жұмысының нәтижесі тәрбиеленушілердің белсенділігі мен өзбетінше әрекетін әртүрлі деңгейде жүзеге асыруды ұйымдастыруда үлкен мүмкіндікке ие болады және бұл мүмкіндіктерді барынша пайдалану қажет.



Сондай-ақ, бүгінде қоғамда оқушыларға гуманистік бағытта тәрбие беруде әкімшілдіктен, белгілі бір ережелерді үнемі шамадан тыс насихаттаудан, бастамшылдықты, еріктілікті жөн-жосықсыз басып тастаудан бас тарту қажеттілігі талап етіледі. Ол үшін оқушыларға әртүрлі бағытта және әртүрлі тапсырмалар бере отыра, оларға сенім арта білу қажет. Бұндай көзқараста тәрбиешіге оқушылардың өз еріктерімен еркін шығармашылықпен жұмыс істеуге деген пайдалы бастамшылдығын әр кезде қуаттап, оны педагогикалық ықпалдастықпен білікті түрде үйлестіріп отыру міндеттеледі. Бұл тұрғысында Ю.К. Бабанский «сабақтан тыс жұмыс педагогтардың әдепті басшылығымен оқушылардың *өзін-өзі басқаруы* негізінде ұйымдастырылуы қажеттілігіне» аса мән береді. (9, С.294), Өйткені, бүгінде біздің қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды реформалау барысында, соған орай қазіргі жан-жақты мәдени тұлғаны дамытуға тапсырыстың өзгеруі негізінде бұл принцип ерекше маңызға ие болуда (жалпы мұраттан тұлғалық шығармашылыққа, жоғары адами қасиеттерге, интелегенттілікке, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыта алатын қабілеттілікке ауысу қажеттілігі).

8. Оқушылардың оқудан тыс тәрбие әрекеттерін ұйымдастырудың тағыда бір маңызды фундаменталді принципі, ол *тұлғаны ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу*. Ол тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ұжымдық, топтық, жеке-дара формаларының оптималды тұрғыдан *үйлесімді* болуын көздейді. Индивидтің тұлға ретінде қалыптасуы қарым-қатынас пен оның өзінің ерекшеленуі арасындағы өзара байланысы негізінде жүзеге асады. Өйткені қарым-қатынас әрекеттің ерекше бір түрі болып, оның пәні басқа адам табылады.

Ұжым тұлғаны басыбайлылықтан босатады, оның жан-жақты дамуына кең көлемде жағдай жасайды. Ол үшін ұжымның тұлғаға ықпалын дұрыс қалыптастыру қажет. Баланың ұжыммен қарым-қатынасының қаншалықты кең болуы, оның білімі, біліктілігі, дағдысына да соншалықты әсер етеді. Соған орай ұжымда тұлғаға дұрыс ықпал жасауға, тәрбиелік қарым-қатынас орнатуға жағдай тудыру қажет. Адам ұжымда қаншалықты кең әрі мағыналы қарым-қатынас жасаса, ұжымдық әрекетте оның соншалықты білімі, біліктілігі, дағдысы жан-жақты дамиды. Осы принципке байланысты оқудан тыс тәрбие жұмысы қоғамдық маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін балалардың біріккен өзара әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталуы міндетті. Педагог-тәрбиешілер балалардың ұжымдық бірлескен әрекеттерінде жекелеген балалармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды бірыңғай *кешенді* түрде жүргізуді естерінен шығармауы тиіс және әрбір балаға жете назар аударып отырулары қажет.

9. Тұлғаны ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу процесінде оған бірыңғай жағымды *тәрбиелеуші ортаны* құру принципінің маңызы ерекше. Бұл принцип:

-оқушылар ұжымында, бірінші кезекте, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдайды қалыптастыруды, педагогтар мен оқушылар арасында конструктивті, яғни жағымды және бір-біріне өзара тілектестік қарым-қатынасты орнықтыруды;

-мектепте тәрбие процесіне қатынасушы субъектілердің жан-жақты әрекеттерін практикалық тұрғыдан ұйымдастыруда қойатын педагогикалық талаптарының бірлікте болуын;

-заттық-кеңістіктегі ортаның бірлікте болуын;

-сөзбен істің бірлікте болуы: тәрбие жұмысына қатысушы субъектілердің сөзі мен ісінің арасында алшақтықтың болмауы, бұл бірінші кезекте педагогтардан тәрбиеленушілерден ешбір жағдайда өздері істемеген істерін орындауды талап етпеуі, құрғақ уәде бермеуін, уәде берген жағдайда оны мүлтіксіз орындауларын; тәрбиеленушілердің жеке-дара және ұжымдық әрекеттерінің бірлікте және үйлесімділікте болуын көздейді;

- қызығушылықтың бірлікте болуын; әрекеттің бірлікте болуын;

- мектептің дәстүрлерінің бірлікте болуын; мектеп, отбасы және жұртшылықтың бала тәрбиесінің бірлікте болуын;

- мектепте оқушылардың денсаулығы үшін қоршаған ортаның жайлы, қауіпсіз болуын;

-пәндік-кеңістікке негізделген тәрбиелеуші ортаны қалыптастыруды ақпараттық және эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыру көздейді.

10. Соған орай, мектеп жағдайында оқушылардың сабақтан тыс уақытында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын принциптер қатарына **балалардың өмірін эстетикаландыру** (эстетизация), яғни олардың **«әсемдік әлемінде»** өмір сүруін ұйымдастыруға қатысты принципті де жатқызамыз. Демек, эстетикалық бастама адамның қандай да болмасын өмірі мен жан-жақты әрекетінде, «әсемдік әлемінде» өмір сүріне, еңбек етуіне, шығармашылықпен айналысына, демалысына және т.б. күшті себепкер болады, (4, С.161). Бұл принципте тұлғада жоғары көркем-эстетикалық талғамның дамуына, оның қоғамдық-эстетикалық мұраттардың шынайы әсемдігін танып білуге мүмкіндік береді. Оқушылар өмірін эстетикаландыру (эстетикалық тартымдылығын арттыру) қоғамдық мекемелерде, көркемөнер үйірмелерінде, қоғамдық еңбек пен өндірісте үлкен мүмкіндікке ие болады. Мәселен, спорттық секцияларымен айналысу оқушыларға адамның дене мүшелерінің сұлулығын танып білуге және осы сұлулықты жасауға, сақтап қалуға және дамытуға тәрбиелейді. Оқушылардың көркемөнер үйірмелеріне, көркемөнер-эстетикалық клуб жұмыстарына қатысуы балаларды өнер әлемімен айналысуларына кеңінен жол ашады. Бұл тұрғысында тәрбиешілер балалардың ақыл-ой еңбегінің, өзара қарым-қатынасының, өзара әрекет жасауының әсемдігіне тәрбиелеуге баса назар аударады.

11. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тағы да бір маңызды принципі,  
оның

*мирасқорлығы,*

*сабақтастығы*

*бірізділігі*

*жүйелілігінің*

болуы. Бұл принциптің мәні, бұрын болған тәрбие жұмыстары, оның кезеңдері және басқару қызметі бірізділікте болып, оның логикалық жалғасы ретінде қол жеткізген жетістіктерді бекітуге мүмкіндік беруге бағытталып, нәтижесінде оқушыны тұлғалық дамудың ең жоғары сатысына көтереді. Олар бұрын меңгерілген біліктілік, дағды, тұлғалық сапаны бекітуге бағытталып, оларды біртіндеп дамыту және жетілдіруді қарастырады.

Сабақтастық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда белгілі бір *жүйені* қалыптастыруды және ондағы *бірізділікті* қамтамасыз етуді көздейді. Өйткені тәрбие жұмысында кейбір күрделі міндеттер жақын арада өзінің шешімін табуы мүмкін болмайды. Соған орай тәрбие жұмысында сабақтастық және бірізділік принциптер қысқа мерзімде үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Мектеп тәжірибесінде мирасқорлық, сабақтастық және бірізділік принциптері негізінен тәрбие жұмыстарын жоспарлау процесінде жүзеге асады.

12.Сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызды тағы бір принципі – тәрбиеленуші тұлғасына қойылатын *педагогикалық талап қою* мен оған *құрмет көрсетудің бірлігі*.

Талап қою, бір жағдайда, оқушы тұлғасына құрмет көрсетудің ерекше бір *өлиемі* ретінде қарастырылады. Бұндай екі жақты қатынас мән және құбылыс ретінде бір бірімен өзара тығыз байланыста болады. Талап қою мен құрметтеуді бірлікте атқару *тәрбиенің гуманистік бағыты* мен *ынтымақтастық педагогиканың* негізін қалайды. Баланы құрметтеу және оның жеке тұлғасына педагогикалық тұрғыдан талап қою – бұл педагогтарға оған аса жауапкершілікпен қарау, оның әлсіз және күшті жақтарын білу, оның одан әрі қарай жетілуінде қажетті жағдай тудыруды көздейді. А.С. Макаренконың көзқарасы бойынша оны былай түсіндіруге болады: «Адамға қаншалықты талап қойылса, оған соншалықты құрмет көрсету қажет».

Педагогикалық талап міндетті түрде педагогикалық бағалаумен нығаюы керек. Ал педагогикалық бағалау тәрбиеленушіге қойылған педагогикалық талаптар негізінде болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда талаптар және бағалау ішінара немесе толықтай өзінің әрекеттестігін жоюы мүмкін.

Балалар қашанда өздерінің атқарған жұмыстарын бағалауды қажетсінеді. Жағымды қойылған баға оларда қанағаттанарлық сезімді тудырады, болашаққа деген сенімдерін тудырып, одан әрі өздерін жетілдіруге деген ынталарын оятады, ал, керісінше, жағымсыз қойылған баға, өкінішке орай оларда қанағатсыздық сезімді тудырып, нәтижесінде жіберген қателіктерін жоюға деген талпынысын тудырмайды. Бұндай жағдайда педагог-тәрбиешіге өзінің байымдауы, пікір айтуында объективті болуын міндеттейді. Ол үшін әрбір педагог маңызды, орынды талап қоюы, балаға деген сенімі және тілектестігін үйлестіре білуі қажет.

13. Бұл принципті іс жүзінде жүзеге асыру, баланың бойындағы *жағымды қасиеттерге арқа сүйеу* принципімен *үйлесімділік* жағдайында және өзара тығыз байланыста мүмкін болмақ. Мектеп тәжірибесінде тәрбиелік деңгейі төмен, қабілетсіз оқушылармен жұмыс істеу жағдайы болып тұрады. Дегенмен, осындай балалардың өзінде де адами қасиеттерін жетілдіруге деген талпыныс болып тұрады. Егерде, педагог-тәрбиешілер олармен тек ұрсу, сөгу, кіналау және өсиет айту, насихаттау, үгіттеудің көмегімен қарым-қатынас жасаса, онда олардың тарапынан кездесетін жағымды талпынысты тез арада сөндіріп алу оңай болады. Ол үшін жағымды талпынысты өз уақытында байқап, қолдау және күшейту, сонымен бірге белгілі бір қызықты істі орындауға ынталандыру қажет.

Егерде бала қандай да бір әрекеттің қыр-сырын меңгеріп, белгілі бір жетістікке қол жеткізсе, онда ол өз басынан қуаныш сезімін өткереді, яғни өзіне деген іштей қанағаттанарлық сезімі пайда болады, бұндай қатынас, өз кезегінде, оның өзіне деген сенімін тудырып, одан ары-қарай өзінің қабілетін жетілдіруге деген ынтасын күшейткіді. Балалар тарапынан байқалған осындай жағымды эмоционалдық көңіл күй әсерін педагогтар, ата-аналар, жолдастары өз уақытында байқап, бағалап және оған қолдау көрсетіп отырса, онда олар елеулі жеңістерге қол жеткізіп тұруға үнемі талпынып отырады.

14. Жағымды қасиеттерге арқа сүйеу және бала тұлғасына талап қою мен оған құрмет көрсетудің бірлігі принциптері *педагогикалық ықпалдастық, әрекеттестік* принципімен тығыз байланыста болып келеді. Педагогикалық ықпалдастықтың бірлігі принципі сабақтан тыс кездерінде оқушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың қажетті буыны болады. Тәжірибе көрсеткендей педагогикалық ықпалдастықтың бірлігі принципі сақталмаған жағдайда тәрбие жұмысында жекелеген тұлғаларға, тәрбие мекемелеріне зор нұсқан келтіреді.

15. *Педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелі болуы* принципі. Бұл принцип – педагогтардың оқушылармен қарым-қатынасының нәтижесінің, олардың тәрбиесіне қаншалықты әсер ететіндігінің көрсеткіші болып саналады. Тәрбие жұмысының ерекшелігі сол, оқудан тыс педагогикалық қарым-қатынаста оқушылардың еркіндігі көбірек, формалдық емес сипатқа ие болады, бұндай қатынаста оның нәтижесі өте жоғары болуы мүмкін. Бұл принципті жүзеге асыру келесі жағдайларды орындаумен байланысты қарастырылады:

- педагогтың оқушылармен қарым-қатынасында бастамшыл, жетекшілік қабілетін меңгеруі

- педагогикалық қарым-қатынастың диалогтық, оның субъект-субъектілік сипатының болуы;

- қарым-қатынастың көпжақтылығының болуы (тек сөз арқылы ғана емес, сондай-ақ, қимыл (жест), ым (мимика), дауыс ырғағы (интонация), көзқарас);

- педагогикалық қарым-қатынаста жағдайлардың (ситуация) бай және әртүрлі болуы; қарым-қатынастың этикалық нормалармен арақатынасының болуы.



16. Оқушылардың тәрбие жұмысында басшылыққа алатын тағы да бір елеулі принцип – ол оқушылардың белгілі бір іс-әрекетті орындауда *өздерінің таңдау еркіндіктерінің болуы* принципі. Бұндай көзқарастың мәні сол, оқушылар тарапынан таңдалған қайсыбір іс-әрекет олар үшін қызықты, тартымды, ұнамды, әсерлі болып келуімен және сол үшін де олар өздерінің барлық күш-жігері мен қабілеттерін барынша пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істеулері мүмкін болмақ. Мәселен, оқушылардың кейбіріне музыка, ән айту, би билеу, мәнерлеп тақпақ оқу секілді т.б. ұнамды істерді таңдауына еріктілік жағдайымен сәйкес келуінде. Дегенменде, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың талап-тілектерін ескеріп отыру маңызды, бірақ оларда шамадан тыс жұмыс бастылықтың болмауы назардан тыс қалмауы тиіс.

17. Тәрбие процесінде баланың **өзін-өзі тәрбиелеуге** қол жеткізу принципі. Тәрбие процесінде тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастыруда ықпал ететін факторлар жүйесінде өзін-өзі тәрбиелеудің орны ерекше. Тәрбиедегі даналық сол – оған тәрбиеленушілердің өздерін белсенді түрде қатыстыру. Олардың болашағын өздерімен бірге ақылдасып шешу. Мұндағы көздейтін негізгі мақсат – тәрбиенің міндеттеріне сай атқарылатын жұмыстар тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеудегі міндеттерімен ұштастыра жүргізу. Осындай жұмыстардың негізінде жалпы тәрбиелік мақсат пен міндеттер өз нәтижесін беретіні анық.

18.Тәрбие жұмысын нәтижелі ұйымдастыруда басшылыққа алатын принциптердің бірі **тәрбиенің әдістері** мен **амал-тәсілдері** және **құралдарының** тәрбие *мақсаты* мен *міндеттеріне* және *мазмұнына* сәйкес келуі, сондай-ақ, ондағы шынайы психологиялық жағдайды *оптимизациялау* (оңтайландыру) принципі. Тәрбие әдістері нақты тарих-қоғамдық қатынас жүйесінде туындайды. Олардың мәні және формасы қоғамдық қатынастың сипатына және балалардың жас ерекшелігіне байланысты туындайды. Ең негізгісі оларды жан-жақты талдау керек және тәрбие жұмысының мақсатына жауап беретін жаңадан пайда болған әдістер мен амал-тәсілдерді ендіру қажет. Бұл принцип педагогикалық тұрғыдан дұрыс нәтиже берумен қатар, балалардың білімдерін байытуға және олардың нәтижелі дамуына оң ықпалын тигізеді.

19.Сабақта және оқудан тыс жұмыстарында тәрбие процесінің **мазмұндылық** және **ұйымдастырушылық сипатының біртұтастығының болуы** принципі. Өйткені оқудан тыс тәрбие жұмысы оқу-тәрбие жұмыстарының логикалық (қисынды) жалғасы болуы шарт: ол оқушылардың сабақта алған білімдері мен тәжірибелеріне арқа сүйейді; біртұтас педагогикалық процестің жалпы принциптеріне қарама-қайшылық тудырмайды; пән мұғалімдерінің тәрбиелік ықпалын үйлестіреді және т.б.

20. Тәрбие жұмысын нәтижелі ұйымдастыруда басшылыққа алатын принциптердің тағы бірі, ол әрекеттегі **себеп-салдардың болуы** (мотивированность) принципі. А.Н.Леонтьев адамның санасына ендіретін идеялар субъективті тұлғалық сапаға ие болуы үшін, оның негізін алдын-ала даярлау қажеттігіне назар аударады. (3, С.34-35). Баланың әрекетінде белгілі бір тапсырманы орындау немесе қайсы бір үйірмеге, секцияға қатысуы үшін түрткі болатын қозғаушы күш - мотив (себеп-салдар) болуы керек. Егерде, бұл мотив жоқ боса, онда балада оған қатысты *қызығушылықта* та және оң тәтиже де болмайды. Баланың өзіне тиеселі, болмаса ұжымға, қоғамдық істерге қатысты кез келген мәселерде міндетті түрде мотив болуы тиіс. Сондықтан да педагогтардан балалардың белгілі бір әрекеттерін ұйымдастыруда, әсіресе тәрбие әрекетінде оған қатысты себеп-салдарын анықтап, оған алдын-ала даярлау жұмысын ұйымдастыру қажеттілігі ұсынылады.

Демек, бұдан шығатын қорытынды, оқушылардың сабақтан тыс уақыттарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызды принциптерінің қатарында *тәрбиенің* рөлінің басым екендігін көреміз. Баланың тумысынан пайда болған табиғи нышандар (задаток) тек білікті және мақсатты түрде ұйымдастырылған тәрбие процесінде ғана дамуы және қабілеттерге айналуы мүмкін. Осы тұрғысында Жүсіпбек Аймауытовтың «Неге арналсаң, соны істе» атты мақаласында: «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады; басқаша айтқанда әр адамға бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яғни деректік болады», - деген көзқарасы дәлел болмақ. Бұл ереженің практикалық тұрғысынан педагогикалық маңызы сол, онда барлық балалар өздерінің табиғатына сәйкес жан-жақты, қабілетті, соған орай олардың әр қайсындағы талант, дарын оның тәрбиесіне байланысты қарастырылады. Соған орай бұл идеяның негізгі өзегі ретінде педагогтардан оқушылардың әлеуеті мен қабілеттерін дамытуда балалардың жалпы және жеке-дара тұлғалық дамуына үнемі зер салуы қажеттілігі талап етеді.

«Принцип», соның негізінде «тәрбие жұмысын ұйымдастыру принциптеріне» талдау жұмыстары барысында, педагогикалық категория ретінде – бұл тәрбие мақсатынан және тәрбиенің табиғатынан туындайтын жалпы фундаменталды, *ең жоғары дәрежелі ережелер жиынтығы* – деген қорытынды жасауға болады. Жоғарыда біз принциптің тәжірибеге бағыттылығын баяндадық, сондықтан да кейбір зерттеушілер оны теориядан практикаға өтетін өзіндік **көпір** ретінде санайды. Сол үшін де педагогтар оларды нақты педагогикалық міндеттерді шешуде және сонымен бірге оларды сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда міндетті түрде қатаң, жүйелі түрде үнемі ескеруі, басшылыққа алулары тиіс.

Әдебиет.

1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003. – Б. 98-99, 106-108.

2. Әбенбаев С. Педагогика. Оқулық. 2-басылым. /С. Әбенбаев. – Астана: Фолиант, 2015. Б. 66-74.

3. Педагогика. У чебник. /Под ред. Л.П.Крившенко, С. 91-93.

4. Әбенбаев С.Ш. Стденттердің болашақ кәсіби маман ретінде оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың заңдары мен заңдылықтарын меңгеру қажеттілігі. - Абылай хан атындағы ҚазХҚ жӘТУ «Хабаршысы», №4 (55), 2019. Б. 7-16.